

"Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 999 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 желтоқсанда № 12799 болып тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10056 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 12 (28490) санында жарияланған) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):
3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) дипломатиялық корпуспен жұмыс жөніндегі ұйым – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық өкілдіктермен, халықаралық ұйымдармен және/немесе олардың өкілдіктерімен, консулдық мекемелермен және Қазақстан Республикасында аккредиттелген олардың қызметкерлерімен жұмыс жөніндегі ведомстволық бағынысты ұйымы;

2) жоғары сұранысқа ие мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері (бұдан әрі – МТНБ) – жеке және заңды тұлғалар көлік құралдарының 001, 002, 003, 004, 005, 006, 007, 008, 009, 100, 111, 200, 222, 300, 333, 400, 444, 500, 555, 600, 666, 700, 777, 800, 888, 900, 999 цифрлық белгідегі мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері;

3) жол қозғалысының шетелдік қатысушылары – 1961 жылғы «Дипломатиялық қатынастар туралы» Вена конвенциясына және 1963 жылғы «Консулдық қатынастар туралы» Вена конвенциясына сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерге ие, Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық өкілдіктер, халықаралық

ұйымдар және/немесе оның өкілдіктері, консулдық мекемелер және Қазақстан Республикасында аккредиттелген олардың қызметкерлері, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ шетел қатысуымен заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасында тіркелген шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері;

4) көлік құралын тіркеу туралы куәлік (бұдан әрі – КҚТК) – көлік құралының жол қозғалысына қатысуға жіберілгенін растайтын құжат;

5) көлік құралын мемлекеттік тіркеу, оның ішінде көлік құралын бастапқы тіркеу – құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексергеннен, КҚТК мен МТНБ бере отырып, көлік құралының сәйкестендіру нөмірлерін салыстыра тексергеннен кейін уәкілетті орган жүзеге асыратын, көлік құралының жол қозғалысына қатысуына рұқсат беру рәсімі;

6) көлік құралын бастапқы тіркеу – Қазақстан Республикасының аумағында алғаш жүзеге асырылатын, көлік құралын мемлекеттік тіркеу;

7) көлік құралын есептен шығару – ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ИО) меншік иесі мекенжайының өзгеруіне байланысты Қазақстан Республикасында тіркелген көлік құралының тіркелген жерін өзгертуге, меншік құқығының өзгеруіне байланысты иелену құқығын тоқтатуға, кейіннен мәміле жасауға, кәдеге жаратуға (жарамсыз деп белгілеуге, есептен шығаруға), иесінің өтініші бойынша жол қозғалысына қатысуға рұқсатты уақытша тоқтатуға, уақытша әкетуді қоспағанда, көлік құралын Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге, көлік құралын меншік иесінің заңды иелігінен шығаруға (айдап әкету, ұрлау) бағытталған қызметі;

8) көлік құралдарын мемлекеттік тіркеудің бірыңғай ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – БАЖ) – көлік құралдары және олардың иелері туралы мәліметтерді орталықтандырылған есепке алуды қамтамасыз ететін және көлік құралының сәйкестендіру нөмірін, сондай-ақ КҚТК мен МТНБ міндетті түрде көрсетіп, осы мәліметтерді орталықтандырылған есепке алуды қамтамасыз ететін мемлекеттік а қ п а р а т т ы қ ж ү й е ;

9) көлік құралдарын тіркеудегі өзгерістер – азаматтық заңнамада белгіленген құқықтық негіздер болған кезде БАЖ бен МТНБ-ге өзгерістер мен толықтырулар енгізу ;

10) көлік құралының сәйкестендіру нөмірі – БАЖ-да көлік құралын сәйкестендіруді жүргізуге мүмкіндік беретін, көлік құралын шығарушы берген, тізбектелген әріптік-цифрлық символдар түрінде көрсетілген көлік құралының жеке сериялық н ө м і р і ;

11) көлік құралының иесі – көлік құралының меншік иесі, сондай-ақ көлік құралын шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында не өзге де заңды негізде (жалға алу құқығы, көлік құралын басқару құқығына сенімхат, көлік құралын осы адамға беру туралы тиісті органның өкімі) иеленетін адам. Көлік құралын өзінің қызметтік немесе еңбек міндеттерін орындау үшін, оның ішінде көлік құралының

меншік иесімен немесе өзге де иесімен еңбек және азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде басқаратын адам көлік құралының иесі болып табылмайды;

12) қайта жабдықтау – жол жүрісі қауіпсіздігіне ықпал ететін, көлік құралының конструкциясында көзделген құрамдас бөліктер мен жабдық бұйымдарын алып тастау немесе көзделмегендерді орнату;

13) МТНБ – мемлекеттің меншігі болып табылатын және жеке әріптік-цифрлық белгіні қамтитын, механикалық көлік құралына берілетін және ұлттық стандарттың талаптарына сәйкес жасалған бұйым. Бұл түсінік «Транзит» МТНБ-ге таралады;

14) нөмірлік агрегат – көлік құралының шанағы, шассиі, рамасы, кабинасы;

15) техникалық құжат – көлік құралының оның техникалық параметрлеріне сәйкестігін белгілеуге мүмкіндік беретін ақпаратты қамтитын құжат (КҚТК, басқа мемлекетте берілген КҚТК, көлік құралының паспорты, дайындаушы зауыттың қ а б ы л д а п а л у - б е р у а к т і с і);

16) тіркеу-емтихан пункті (бұдан әрі – ТЕП) – көлік құралдарын тіркеу және есепке алу бойынша рәсімдерді жүзеге асыратын, оның ішінде халыққа қызмет көрсету орталықтарында (бұдан әрі – ХҚКО) орналастырылған ІО бөлінісі.»;

16-тармақтың 3) және 5) тармақшалары алып тасталсын;

16-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, көлік қ ұ р а л ы н ; » ;

16-тармақтың 14), 15), 16) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«14) Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 877 шешімімен бекітілген «Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының Техникалық регламентіне (бұдан әрі – 018/2011 КО ТР) 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәлікті:

жеке тұлғалар Кеден одағы/Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі - КО/ЕЭО) бірыңғай кеден аумағына өз қажеттіліктері үшін әкелетін, айналымға шығарылатын көлік құралдарын мемлекеттік тіркеген кезде;

көлік құралын дайындаған сәттен бастап үш жылдан көп уақыт өткен жағдайда, бұрын КО/ЕЭО мүше болып табылмайтын мемлекеттерде жол жүрісіне қатысқан, Кеден одағының бірыңғай кеден аумағына әкелінетін көлік құралдарын заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеген кезде ;

жеке және заңды тұлғалар айналымға шығарылғанға дейін конструкциясына жеке тәртіппен өзгерістер енгізілген, сериялық өндіріс жағдайындағы; немесе сериялық өндірістен тыс жеке тәртіппен құрастыру жиынтығынан немесе жеке техникалық шығармашылық нәтижесі болып табылатын; немесе бұрын мемлекеттік қорғаныс тапсырысы бойынша жеткізілгендер қатарынан айналымға шығарылған көлік құралдарын мемлекеттік тіркеген кезде ;

15) пайдаланудағы және қайта жабдықталуына байланысты Кеден одағының

бірыңғай кеден аумағында тіркелген көлік құралын мемлекеттік тіркеген кезде 018/2011 КО ТР 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік құралының оның конструкциясына енгізілген өзгерістермен қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы к у ә л і к т і ;

16) 018/2011 КО ТР 14 және 15-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша көлік құралының түрін мақұлдауды, көлік құралы шассіінің түрін мақұлдауды:

көлік құралын дайындаған сәттен бастап үш жылдан аз уақыт өткен жағдайда, заңды тұлғалар Кеден одағы/Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын елдерден әкелінетін, айналымға шығарылатын көлік құралдарын мемлекеттік тіркеген кезде;

жеке және заңды тұлғалар Кеден одағы/Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерден әкелінетін, айналымға шығарылатын көлік құралдарын мемлекеттік тіркеген к е з д е ; » ;

49-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) қайта жабдықтау немесе өзгерту салдарынан көлік құралының типі;»;

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«50. Осы Қағидалардың 49-тармағының 1), 2) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайларда, БАЖ-ға және КҚТК-ге өзгерістер енгізу осы Қағидалардың 16-тармағының 1), 2), 4), 6) 7), 10) - 13) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың негізінде, ал осы Қағидалардың 49-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзгертуді растайтын құжаттардың негізінде қосымша жүргізіледі.

Осы Қағидалардың 49-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда БАЖ-ға және КҚТК-ге өзгерістер енгізу осы Қағидалардың 16-тармағының 1), 2), 4), 6) - 8), 10) - 13) және 15) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың негізінде жүргізіледі.

Сот қаулысының негізінде кәсіпорынның банкроттығы туралы іс қозғалған жағдайда, есептен шығару және тіркеу «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әкімшінің өтініші бойынша тарату комиссиясы шешімінің негізінде жүргізіледі.»;

57-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«57. Көлік құралын есептен шығару үшін олардың иелері (иелерінің өкілдері) ТЕП-ке осы Қағидалардың 16-тармағының 1), 2), 4), 6), 7), 10) - 13) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады, сондай-ақ ТЕП-ке МТНБ тапсырады. КҚТК-де көлік құралын есептен шығарудың мән-жайларына сәйкес жазбалар жасалады, олар жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның мөрімен расталады.

Көлік құралының иесі ХҚКО-ға жүгінген кезде осы Қағидалардың 16-тармағының 2), 7), 9) - 13) тармақшаларында көрсетілген құжаттар ұсынылады.

Жеке тұлғалардың көлік құралдарын есептен шығару салық төлеушілер үшін Салық кодексінде белгіленген тәртіппен көлік құралына салық төленгенін растайтын құжатты

немесе салық төлеуден босату құқығын растайтын құжатты ұсынғаннан кейін жүзеге асырылады.

Иелері байқау сәтінде көлік құралының нақты орналасқан жері бойынша жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамы берген, мөрмен расталған байқау актісін ұсынған жағдайда, тіркелген орны бойынша көлік құралын байқауға әкелмей, есептен шығаруға жол беріледі.

Есептен шығару көлік құралының бұрынғы тіркелген жері бойынша есептен шығаруға қандай да бір шектеулердің жоқ екені туралы сұрау салулар орындалғаннан, көлік құралының есепке алу деректері мен оның иесі туралы мәліметтер нақтыланғаннан кейін ғана жүргізіледі.

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның лауазымды адамы көлік құралын есептен шығару туралы шешім қабылдағаннан кейін бұл туралы ақпарат көлік құралының бұрын тіркелген жері бойынша ТЕП-ке дереу жіберіледі. » ;

59-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«59. Кәдеге жаратуға жататын көлік құралы осы Қағидалардың 16-тармағының 1), 2), 7) және 11) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынған кезде, байқаудан өткізілмей, есептен шығарылады. КҚТК мен МТНБ ТЕП-ке тапсырылады. Кәдеге жаратылатын көлік құралының КҚТК, МТНБ болмаған кезде көлік құралының иесі жазбаша нысанда оларды жоғалту мән-жайларын көрсетеді. Бұл ретте ПО ақпараттық ресурстары бойынша тексеру жүзеге асырылады.

Көлік құралының иесі ХҚКО-ға жүгінген кезде осы Қағидалардың 16-тармағының 2), 7), 11) тармақшаларында көрсетілген құжаттар ұсынылады.»;

64-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«64. Заңды тұлғалардың көлік құралдарын жеке тұлғаларға сату кезінде есептен шығару осы Қағидалардың 16-тармағының 1), 6), 7), 9), 11), 12) және 13) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың, заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік (коммуналдық) меншік құқығы субъектісінің (мемлекеттік меншіктегі заңды тұлғалар үшін) функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік (коммуналдық) органдар рұқсатының негізінде жүргізіледі. Бұл ретте тіркеу құжатына жазба енгізіледі: « Автомобиль азамат Т.А.Ә. (болған жағдайда) сатуға байланысты есептен шығарылды, тұрғылықты тұратын мекенжайы, жеке басты куәландыратын құжатының сериясы, нөмірі ».

Көлік құралының иесі ХҚКО-ға жүгінген кезде осы Қағидалардың 16-тармағының 1), 4), 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттар ұсынылмайды.».

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді ;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға ж о л д а у д ы ;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік к ә с і п о р н ы н а ж о л д а у д ы ;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды ;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін .

3. Облыстардың, Алматы және Астана қалалары ішкі істер департаменттерінің б а с т ы қ т а р ы :

1) ішкі істер органдары жеке құрамының осы бұйрықты зерделеуін және талаптарын сақтауын қамтамасыз етсін ;

2) ішкі істер органдарының жұмысын осы бұйрықтың талаптарына сәйкес ұ й ы м д а с т ы р с ы н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер министрінің орынбасары Е.З.Тургумбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетіне (И.В.Лепеха) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
	І ш к і	і с т е р м и н и с т р і
полиция генерал-полковнигі	Қ. Қасымов	
«КЕЛІСІЛДІ»		«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының		Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму		Ұлттық экономика министрі
министрі _____ Ә. Исекешев		_____ Е. Досаев
2015 жылғы «__» _____	2015 жылғы «__» _____	
«КЕЛІСІЛДІ»		«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы		Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму *Ұлттық экономика министрінің*
министрінің міндетін атқарушы міндетін атқарушы
_____ Ж. Қасымбек _____ М. Құсайынов
2015 жылғы 30 желтоқсан 2015 жылғы 30 желтоқсан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК